Астана каласы әкімдігінің «Абай Құнанбайұлы атындағы № 87 мектеп-гимназия» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Школа-гимназия № 87 имени Абая Құнанбайұлы» акимата города Астаны

БҰЙРЫҚ

12. 01. 2026

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 13 н/д

город Астана

Мемлекеттік сатып алуларды бір көзден алу әдісімен мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу туралы

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының 16-бабының 5-тармағына, 2024 жылғы 9 қазандағы Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуларды жүргізу ережелерінің 507-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес, Қаржылық есеп аудитін жүргізу бойынша қызметті бір көзден алу әдісімен мемлекеттік сатып алуды тікелей шарт жасасу арқылы жүргізу.
2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты Клим Ж.С. Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 4), 6) және 7) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын.
3. Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындыларын бекіту туралы шешімге сәйкес өнім берушілермен шарттар жасасу.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау, сондай-ақ заңға сәйкес жауапкершілікті өзіме жүктеймін.

Директор **А.Кашаева**

Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме

2022 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңде тауарлар, жұмыстар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, конкурс арқылы сатып алынды. Тәжірибе сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процесстері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 5 бабы 1 тармағының 1 тармақшасының негізінде мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде **сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын** қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау негізінде **Қаржылық есеп аудитін жүргізу бойынша қызмет** қызметтерін мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданды.

Бәсекелестік рәсімдерді жүргізу сатып алу процесін қиындатады, ал ұсынылған сатып алу әдісі экономикалық тұрғыдан тиімдірек және ұйымның үздіксіз қызметін қамтамасыз ету шеңберінде сатып алуды жүзеге асыруды жеңілдетеді.

Сатып алу тәсілін пайдалану нарықтың басқа қатысушыларының құқықтарын бұзбайды, өйткені ол белгіленген заңнамалық шектеулер шеңберінде жүзеге асырылады. Таңдалған сатып алу әдісінің ашықтығы мен экономикалық тиімділігі осы процедураның заңдылығы мен орындылығына кепілдік береді.

Директор **А. Кашаева**

Бас бухгалтер **Т. Ахтаева**